



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ҚОЖАБАЙ ЖАЗЫҚОВ
туғанына 100 жыл

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2020

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

Қожабай Жазықов туғанына 100 жыл

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2020

ӘОЖ 355(574)
КБЖ 63.3(5Қаз)
Қ 58

Кеңес Одағының Батыры Қожабай Жазықовтың туғанына 100 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2020. – 19 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Ел басына күн туған сұрапыл Ұлы Отан кезінде, халқының жарқын болашағы үшін күресіп, жалындаған жиырма бес жасында Кеңес Одағының Батыры атанған, кейінгі өмірін ұрпақ тәрбиесі мен ел игілігіне арнаған Байғанин өлкесінің адал перзенті, намысты ұлы Қожабай Жазықов болатын.

Ұсынылып отырған көрсеткіш Қ.Жазықовтың өміріне, халқы үшін еткен еңбегіне, оның әдеби мұрасына арналып отыр.

Көрсеткіште Қ.Жазықовтың өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтер, ол туралы естеліктер мен зерттеулер ұсынылды.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіпмен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

ҚОЖАБАЙ ЖАЗЫҚОВ
/өмірі туралы қысқаша мағлұмат/

Қожабай Жазықов 1920 жылы 4 қазанда Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қызылбұлақ селосында шаруа отбасында дүниеге келген. Өзінің алғашқы еңбек жолын 1941 жылы бастауыш мектепте мұғалім болып бастады. 1942-45 жылдары Ұлы Отан соғысында елімізді неміс-фашист басқыншыларынан азат ету мақсатында 2-Украина майданы құрамындағы 7-гвардиялық Армияның 25-гвардиялық атқыштар дивизиясының дербес барлаушылар ротасының взвод командирі ретінде шайқастарға қатысты. 1942 жылдан ВКП /б/ мүшесі. Екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 3-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен және «Ерен ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

1944 жылдың 25 желтоқсанында гвардия сержанты Қ.Жазықов басқарған барлаушылар взводының бір топ жауынгерлері Дунай өзенінен өтіп, Венгрия астанасы Будапешт қаласына жақын орналасқан Сантендрой-Сигет аралында бекінген жау әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, немістің 6 солдаты мен 1 офицерін тұтқынға алады. Келесі түні Қ.Жазықов бастаған топ аралға қайта кіріп, жетпістен астам неміс басқыншыларын қолға түсіреді. Аталған операцияларды жүзеге асыруда көрсеткен ерен ерлігі үшін 1945 жылдың 28-сәуірінде Қожабай Жазықовқа Кеңес Одағының Батыры жоғары атағы беріліп, Ленин ордені қоса тапсырылды.

Соғыстан кейінгі 1946-71 жылдары Қ.Жазықов Байғанин ауданында мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, Родников аудандық партия комитетінің аймақтық секретары болып қызмет атқарды.

1971 жылдан өмірінің соңына дейін халық депутаттары Байғанин аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып ұзақ жыл атқарды. 1982 жылы дүниеден өтті.

Қазір батырдың атында Байғанин ауданында мектеп, Байғанин поселкесі мен Ақтөбе қаласында көшелер бар. 2019 жылдың 13-желтоқсанында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Педагогика факультетінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Кенес Одағының Батыры Қожабай Жазықов атындағы кабинет ашылды.

ҚОЖАБАЙ ЖАЗЫҚОВ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Батырын елі құрметтейді

«Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен» сонау соғыстан кейінгі жылдардағы Қожекеннің барлық өмірі, еңбек жолы, азаматтық – адамгершілік келбеті, мінез – құлқы, бүкіл болмысы көз көрген барлық жерлестерінің есінде болар. Бұл шағын естелігімді ол кісінің азаматтық бейнесін еске түсіре отырып, оның жастар тәрбиесіне көзқарасы, жора – жолдас, ағайын – туғандармен сыйластығы жайлы айтуды жөн көрдім. 18 жасынан мұғалім болып еңбек жолын бастаған Қожакең жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін. «Азамат болып қалыптасуда жастардың бойында алдымен қандай қасиет – қылықтар керек?» деп оқушылар бір кездесуде сұрақ берген еді. Сонда Қожакең «білімге ұмтылу, еңбекті сүю және адамдарды бағалай білу» деп жауап бергені есімде. Ол – жастардың сүйікті ұстазы, ақылшысы, қажетті жерде олардың көмекшісі, сүйеніші бола білген адам. Жастардың өмірден өздеріне лайықты орындарын тауып қалыптасуына, отбасылық жағдайларына көмектесу, тіпті қызметке орналасу сияқты жайларына да әр кезде ағалық ақылын, қолдан келген көмегін беріп отыратын. Өмірінің соңғы кезінде, қатты науқастанып жүрген кезінің өзінде Ленинград, Дондағы Ростов қалаларына облыс мүддесін көздеген әдейі командировкамен барып, тапсырылған істерді тындырып келгені бар. «Кәрі солдатпын ғой, оқасы жоқ, тек саушылық болса» деп отыратын. Осы сөзінің өзінен – ақ Қожакеңнің бүкіл өмірінде еңбекті қастерлеп өткен, мейлінше қарапайым жан екенін тану қиын емес.

Үлкенді құрметтеп сыйлай білген, кішілерге ізетпен аға болған Қожакең үшін әлденеге араз болу, дауыс көтеріп сөйлеу, кею сияқты мінез оның бойына жат қылық

болатын. Қызметтес жолдастарымен, ағалы – інілі қатарларымен сыйластық қарым – қатынасын өз тірлігінде ешбір бұзбастан өтті десем, мұынымды қазіргі көзі тірі замандастары теріс демейтіні кәміл. Қожакең өзі туып – өскен Жем бойын, Байсары, Егіндібұлақ, Қызылшоқыны өмір бойы қастерлеп өтті. Өзінің сонау 12 – 13 жасар балалық шағында өгізге жеккен соқаның артынан ұстап, аға – жеңгелерімен бірге жұмыс істегенін, ауылдағы алғашқы мектептің ашылу жайын және туыстықты тарататын шежірені айтқанда балалар қызыға тыңдайтын. Ол балаларын, іні – келіндерін ертіп, Жем бойын, ата – бабаларының көне қоңыстарының орнын көрсетіп, ата – әжелері мәңгі мекен еткен қорымға тағзым еткізгені бар. «Балалар өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, тіпті жеті атасын жатқа білуі керек. Туған жерін сүю баланың азаматтық парызы» деп отыратын Қожакең. Қазір ойлап отырсам, бұл үлкен тәрбиелік, өнегелі үлгі етер іс екен. Өкінішке орай, қазір үлкендер, ата – аналар бұл жайтқа көп мән бермейді. Мен де мектепте мұғалім болып көп жыл Қожакеңмен бірге жұмыс істедім. Ер ерлігімен танылады. Халқымыз өз тарихын өзі жасап, ерлікті, елдікті қастерлеп бізге жеткізді. Ерлік пен елдікті ту ғып көтерген халықтық дәстүрге бүгінгі заман иелері бәрімізде адал болуымыз керек. Қожакең халқының, елдің алдында, бүгінгі тірілер алдында өзінің азаматтық парызын әбден өтеп өткен азамат. «Елін сүйген ер болар» дегендей Қожакең туралы әңгімемді оның майдандас, қарулас жолдасы З.Б.Дровальдың қызымыз Лаураға жолдаған хатының мына бір сөздерімен аяқтайын: «Сіздің папаңыз ержүрек барлаушы, тамаша жауынгер болатын. Ол ерекше тапқыр, мол ақыл мен сабыр иесі – нағыз батыр еді».

Қаншайым Нұрманова,

Батырдың зайыбы

Алдымда асқар тау боп сен тұрасың

Жылдар жылжып уақыт өткен сайын, бүгінгі ұрпақ әкелер даңқын, адам бақыты үшін бақыл болғандардың ерлігі мен өрлігі жайында қанша шежіре, қаншама дастан жазса да артықтық етпесі анық. Менің көз алдымнан әкемнің бейнесі кетпейді. Ол өз өмір жолдарынан, қас жаумен шайқасқан кездерін айтып отыратын. Бірде «Әке, осы сіз «Отан» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіз?» деп сұрағанымда ол: «Балам, туып өскен, балалық шағымды өткізген Жем бойы, өзім өмір сүріп, жұмыс істеп жүрген ортам, бала – шағам өрген Ақтөбе облысының жері мен үшін Отан. Осы жерден Отаным басталады. Бірақ Отан дегеннің шегі, шеті жоқ» деген болатын.

Тағы бірде әкем анама: «Қаншайым, мен осы бақыттымын-ау деймін. Өйткені от – жалынға оранған сұрапыл соғыстан аман – есен елге келіп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осы заманды да көрдім. Тек тәңірім біз көрген қасіретті балаларым, немерелерім көрмесін деп тілеймін. Еліміз бен ұлтымыздың болашағы солар ғой. Солар тыныш күнде өз Отанына халқына қызмет етіп, аға ұрпақтың ізгі дәстүрін жалғастырса екен, балалар рухына сай азамат болып өссе екен деп ойлаймын», - дегенін естіп едім. Міне ерлік дастаны осылайша ұрпақтан – ұрпаққа жетіп келеді. Өмір кешінің керуені қанша алға жылжыса да менің көз алдымнан әкемнің асыл бейнесі кетпейді. Базарлы өміріміздің жарқын күні – Жеңіс күнін жақындатқан әке даңқы елінің ішіне тарап отыр. Әке даңқы ғасырдан – ғасырға кетері хақ.

Балғали Жазықов

Әке мейірімі

Әкем Кеңес Одағының Батыры Жазықов Қожабайдың майдандағы ерліктері туралы аз жазылып жүрген жоқ. Жерлес жазушымыз М.Құрманалиннің «Ерлік жолы» деректі повесінде әкемнің соғыс алдында қарапайым мұғалім болып жүрген кезінен бастап, майдандағы ерліктері толық суреттелген. Ал әкеміздің бейбіт өмірдегі еңбегінің өзі бір бөлек әңгіме. Еңбектес жолдастарының, қатар құрбыларының естеліктерінен әкеміздің жайсан мінезді, кішіпейіл жан екенін көреміз.

Балалық шақты еске алсам, алдымен әке мен бала арасындағы махаббатқа толы шуақты күндердің жылылығын әлі күнге сезінгендей боламын. Әсіресе, жоғарғы сыныптарда оқып жүргенде әкем менен болашақта қандай мамандық алуға талпынып жүргенімді сұрай отырып, өзінше жол сілтегені әлі есімде. Әрқашан мектепте, институтта болып жататын қызықты кештер, пікірталастар туралы айта отырып, әкемнің пікірін көбірек тыңдауға тырысатынымын. Сол кезде әкем тыңдаушы ғана емес, ақылшы да бола білді. Мұның өзі әкемнің отбасына деген үлкен құрметі, балаларына деген ерекше мейірімі екен ғой. Отбасындағы әртүрлі проблемаларды шешуде де балалардың үлкендерін қатыстырып, біздің және анамыздың пікірімен әрқашан санасып отыратын. Ал анам Қаншайым екеуінің арасындағы сыйластық өзіме де ана болып, бала сүйіп отырған маған үнемі үлгі. Мен балалық, жастық шағымда ата – анам берген тәрбиеге сүйене отырып, балаларымды мейірімділік, адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерге баулуға тырысамын.

Тамара Жазықова

Әке өнегесі

Ардақты әкем Кеңес Одағының Батыры Қожабай Жазықов Ұлы Отан соғысының қан майданынан 25 жасында батыр атанып елге оралған әкем, бейбіт заманда да туған жерін көркейтуге бар күш – жігерін жұмсады. Әр жылдары қызметтес, жолдас болған ел азаматтары оның сабырлы мінезімен парасаттылығын ерекше айтып, «Иненің жасуындай да пендешілігі, күншілдігі жоқ, ары таза азамат күйінде өмірден өтті», «Жаны жайсаң, пейілі қазақтың кең даласындай еді» деп еске алады.

Балалық балғын шағымды еске алсам, алдымен Майтүбектегі үлкен, адамға толы үй, гүлге толы аула, толассыз келіп – кетіп жататын туыстар, көршілер, қызықты, мәнді де сәнді өмір көз алдыма келеді. Ата – анамыздың балаларымен, көрші – көлеммен, тума – туыстармен қарым – қатынастарынан ерекше жылылықты сезіп өстік. Қазір ойлап отырсам, мұның барлығы ұрпаққа берген үлкен тағылымы екен ғой.

Кім – кім де болса, ата – анадан алыста, туған үйінен жырақта жүрген кездері олардың аялы алақандарын аңсайтыны анық. Мен де әлі оң – солымды толық танып үлгермеген 11-12 жасымда Алматыға папамның ақылымен, көрегендігімен білім іздеп жол тартқан едім. Республикаға танымал мектеп – интернатта оқыған жылдар мен үшін әрі қызықты, көп нәрсенің мәнісін ұқтырған жемісті, әрі сағыныш жылдары болғаны анық. Сабақтан бос кезімде, үйге хат жазып, қысқы және жазғы каникулдарды асыға күтетінмін. Міне, осы жылдары мен жырақта жүріп, әкемді жаңа қырынан тани түскендей болдым. Ол кісі балаларының мектеп қабырғасынан – ақ терең де жүйелі білім алып, адам қасиеттері, жауапкершілігі мол азамат болып қалыптасуын қалап қана қойған жоқ, өзі көп ықпал етті. Қай баласы қандай салаға икемді, нені жақсы көреді –

соны игеріп кетуіне жағдай жасады. Сирек басылымдарды почта арқылы жаздырып беріп отыратын. Іс – сапарлардан, демалыстан басқа ешнәрсе әкелмесе де, қызықты кітап, энциклопедияларды алып келуші еді. Осы баламнан жақсы маман шығады деп, әрқайсымыздың бейімімізге қарай, дәл болжап та отырушы еді. Балаларына жоғары оқу орындарын өз қалауымен таңдауларына мүмкіндік берді және сол таңдап алған мамандықтың қыр – сырын толық меңгерген, сауатты маман болғанымызды талап етті. Сондықтан да болар, Алматыда оқысам да, Ақтөбенің мединститутына түсіп, дәрігер болғым келеді дегенде, еш қарсылық білдірген жоқ – «Халық – күшті дәрігер деп саған емделуді аңсайтын болсын» деген – ді. Өкінішке орай, мединститутты аяқтап, қаладағы ірі емханалардың біріне дәрігер болып жаңа жұмысқа орналасқан кезімде аяулы әкем 1982 жылы дүниеден өтті.

Өмірдің қиындығы мен қызығы қатар жүретін, талай бір белестерден тұратыны рас қой. Міне, осындай бір белестен өтіп, жаңа бір белеске аттанған тұста мені әрқашан әкемнің рухы қолдайтынын сеземін. Адам жанының арашашысы атанған дәрігер мамандығының қыр – сырына қанығып, учаскелік дәрігерден бас дәрігерлік қызметке, медицина қызметкерлерінің облыстық кәсіподағының төрайымы лауазымына дейін көтеріліп, кейін қалалық, облыстық мәслихаттарға депутат болған кездерімнің барлығында абзал әкем маған жоғарыдан қарап, құптап, қолдап тұрғандай болады. Қай қызметте жүрсем де, әкемнің ардақты атына кір келтірмей, адал қызмет ету - парызым.

Бүгінгі күні «Орны бар – оңалар» дегендей, тұлғасы бәйтеректей әкеміздің жапырағы жайылып, кейінгі ұрпақтар оның майдан даласындағы ерен ерлігі мен бейбіт өмірдегі қажырлы еңбегін қастерлеп келеді. Оған бүгінгі Батырдың 90 жылдық мерекесінің облыс, аудан көлемінде аталып өтілуі куә. Туған елі мен халқының құрметіне

бөленген әкеміз Қожабай Жазықовтың есімі күн өткен сайын жарқырай түсетініне сенемін.

Ерлерін ардақтай білетін Егемен еліміз, халқымыз аман болсын!

Лаура Жазықова

Мақтанышым – ардағым

Биылғы жылдың қоңыр күзінде арайлы Ақтөбе жері Ұлы Отан соғысының қан майдандарында ерліктің ғажайып үлгілерін көрсеткен халқымыздың Батыр ұлдарының бірі, Жем – Сағыз топырағының перзенті Қожабай Жазықұлының 90 жылдық мерей тойын атап өтуге дайындалу үстінде. Облыс бюджетінен қомақты қаржы бөлініп, Батыр есімімен аталатын Кемершидегі мектеп жаңадан салынып, қазіргі заманғы құрал – жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі халқының батырына деген құрметі емес пе?! Қарап отырсақ, бұл білім ордасы ауылдағы ең салтанатты, ең көрікті ғимарат қана емес, жаңалық пен жақсылыққа жаны құмар зиялы ауыл азаматтарының бас қосар жері болатын сияқты. Балалар мен жастардың жанашыры, табиғатынан ұстаз әкеміз дәл осы сәтте, осы бір әсем ғимаратта білім алып жатқан жерлестерін көрсе, ерекше бір бақытқа бөленері анық. Себебі ол сонау қар жамылған майдан даласында оқ пен оттың астында жүргенде де, кейін елге аман оралған, бейбіт кезеңде Жарқамыс пен Абайдағы кішкентай мектептерде ұландарға білім нәрін сеуіп жүргенде де осындай мектепті аңсағаны сөзсіз. Олай болса, ауыл халқының игілігі үшін пайдалануға берілгелі отырған, Қожабай Жазықұлы атындағы мектеп үйінің алдында әкеміздің ескерткішін орнатуды Батыр ұрпақтары балаларының перзенттік парызы деп санап, осы бір

қасиетті шараны жүзеге асыруды қыс айларында – ақ бастап кеткенбіз. Облысымызға танымал мүсінші ағамыз Жәдігер Кенбайдың жобасымен дайындалған бұл ескерткіш жастарды білім жолына шақырып қана қоймай, Отанымыздың жарқын болашағы үшін күрескен Жем бойының қаһарман ұлының ерлігіне тағзым етер қасиетті орын болады деген сенімдеміз.

Байғанин топырағында туып – өскен қарапайым шаруа баласы ұстаздық мамандықты соғыс басталмастан бұрын – ақ таңдап үлгерген екен. Көп жылдық тарихы бар Ақтөбе педагогикалық училищесінде оқи жүріп, өзінің сұрауы бойынша ауданның ең шалғай аймағында орналасқан Аманкелді орта мектебінде мұғалім болып өзінің еңбек жолын бастағаны да өмірбаян деректерінде келтірілген. Әкеміздің осы таңдауы өмірлік таңдау болғаны анық, себебі соғыстан кейін елге Батыр атанып оралған кезде де оның барлық саналы ғұмыры оқу – ағарту, халыққа білім беру, тәрбиелеу мәселелерімен тығыз байланысты болды. Уақыт елегіне салып, өткенге ой жүгірте қарасақ, әкеміз тіпті балаларын да осы мамандыққа баулып, оның қыр – сырын үйретуге тырысқан ба дерсің? Олай дейтінім, әкем қанша жерден жұмыс басты болып жатса да, менен мектепте қай мұғалімнің қай сабақтан беретінін, белгілі уақытта белгілі бір пәннен, мысалы, географиядан не өтіп жатқанымызды сұрап, күнделігімізге қойылған бағаларды қарап шығуға уақыт табатын. Ата – аналар жиналысына міндетті түрде қатысатыны да есімде қалыпты. Тіпті біздерге алдын ала айтпай-ақ, сабағымызға кіріп жүрген кездері де болатын. Мысалы, бастауышта, ұмытпасам, 3 – сыныпта оқып жүргенде болуы керек, қазақ тілі сабағынан өтейін деп жатқан сынақхатқа қатысып, оны қатесіз жазып шыққанымды көріп, әкем мен Дариға апайдан мақтау алғаным есінде. Жалпы, әкем соғыс туралы айтуды онша ұната бермейтін. Бұл туралы сұрай қалсаң, нақты соғыс

операциялары туралы емес, оқ пен түтінге сұрапыл арасындағы бір сәт тыныштық кезінде болып тұратын қызық оқиғалар туралы айтатын: «Бірде, мен дала кухнясында аспазға көмекші болып кезекшілік еттім, - деп бастады бірде әңгімесін әкем. Бастығым мені біз орналасқан жерден оң шақырымдай жердегі кухнядан тамақ әкелуге жұмсады. Жұмсаған жеріне барып, жауынгерлерге дайындалған тамақты салып алып, кетейін деп тұрсам, бір топ адам бір қазанның айналасына жиналып, бір қызыл сұйық нәрсені тамақтарының үстіне құйып жатыр екен. Бір жауынгерден «Бұл не?» деп сұрасам, «Тамақтың дәмін келтіреді», - деп жауап берді. Онда біздің жігіттерге де ұнауы керек деп ойлап, сол сұйықтықты алып келе жатқан тамағының үстіне толтырып құйып алдым. Мәз болып келемін. Бірақ тамақты іше бастаған жігіттер бірінен соң бірі ашу шақырып, тіпті ұрыса бастады. Сөйтсем, бұл сұйықтық тамаққа өте көп салынса, ащы болып, ішкізбейтін қазіргі біз қолданып жүрген томат екен ғой. Ауылда туып, томат көрмей өскен қазақтың қарапайым баласы оны қайдан білсін? Қарулас жолдастарымнан қатты қысылып, алдарында ұятты болдым және оларды аш қалдырғаным тағы бар. Сөйтіп, қысылып тұрғанымда, аспазшы, орта жасқа келіп қалған өзбек жігіті есіме түсіп кетіп, солай қарай қайта шаптым. Соның көмегінің арқасында жолдастарыма бір көлемді, біраз адамды тойдыратын шошқаның майын алып келдім. Жаңа ғана ренжеп отырған достарым арқамнан қағып, қуанып жатыр. Өмір мен өлім алысқан майдан даласында болып тұратын осындай оқиғалар біздің жауынгерлік достығымызды шыңдай түскені анық.

Әкем өмірінің соңғы күндеріне дейін еңбектен қол үзген жоқ. Ұстаздықтан басталған еңбек жолы кейін партия, совет, кәсіподақ органдарындағы қызметке ұласты. Бірақ

қай салада еңбек етсе де, қандай жұмыс тапсырылса да, өзінің табиғаты ұстаз болғандықтан болуы керек, әкем мейірімді, қарапайым, сабырлы да салиқалы қалпынан айнымағаны анық. Оған әкем туралы замандастары мен шәкірттері жазған естеліктерді оқи отырып көзім әбден жетті. Әкем туралы естелік жазушылар арасында елге танымал, әр жылдары басшы қызметтерде болған азаматтар да, қарапайым еңбек және соғыс ардагерлері де, ірі ақындар мен ғалымдар да бар. Олардың Кеңес Одағының Батыры, елдің ардақты азаматы Қ.Жазықов бойындағы адами, абзал қасиеттер туралы естеліктерін оқи отырып, кеудемді мақтаныш сеземі кернейді. Бұл мақтаныш – батырын ардақтаған елге деген сүйіспеншіліктен туған перзенттік мақтаныш! Халқы, Елі, Туған жері тұрғанда әке атының мәңгілік екендігін сезінгеннен туған мақтаныш! Олай болса, Батырын қадірлеген халқымыз, еліміз аман болсын! Егемен Қазақстанымыздың аспанында тек бейбіт күн болсын!

Мақпал Жазықова

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

2000

1. Жазықов Қ. Ерліктің мәңгілік алауы: Елорда, 2000. - 160 бет.

2009

2. 10. Сариева Б. Улица имени батыра: методический материал // Актюбинский вестник. - 2009. - 15 декабря.

2010

3. Біз білетін бір Батыр: Кеңес Одағының Батыры Қожабай Жазықов туралы естеліктер / құраст. М. Жазықова: А-Полиграфия, 2010. - 316 б.

4. Берікұлы Н. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мектептегі оқу - тәрбиенің жайы // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 22-23 сәуір . - 2010. - С. 509-516

5. Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары: энциклопедиялық жинақ / Н.Мауытов. - Алматы: Өнер, 2010. - 320 бет.

6. Жазықова М.Қ. Әке ерлігі - ұрпаққа үлгі /Кеңес Одағының Батыры Қ. Жазықовтың ерлік және еңбек жолы негізінде // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары 22-23 сәуір. - 2010. - С. 188-192б.

7. Мирова Г. Байғаниндіктер Ұлы Отан соғысында / Г. Мирова // "Ұлы Отан соғысы тарихы зерттеу әдіснамасы мен оқыту тәжірибесінің өзекті мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары 22-23 сәуір. - 2010. - С. 370-375б.

2015

8. Көлбаев Т. Екінші дүниежүзілік соғыстың ақтаңдақтары: ұлы жеңіске - 70 жыл / Т. Көлбаев // Қазақстан тарихы, әдістемелік журнал. - 2015. - №: 2. - с. 4.

9. Атаулар сыр шертеді (Облыстық жобалар байқауының материалдары) / Басылымды құраст.: А.Ш.Пангереев, З.У.Имжарова. - Ақтөбе: Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы, 2015. - 234 бет.

2018

10. Ертлеуова Б. Б. Батыр есімі - ел аузында // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің хабаршысы. - 2018. - №: 4. - бет. 109.

2020

11. Тұралиева А. Отты жылдар: облыста 7 мың адам әскери жаттығудан өтті // Ақтөбе. - 2020. - №: 28 = 12 наурыз. - бет. 18.

12. Қараша Г. Zhubanov university Ұлы Отан соғысы жылдарында // Zhubanov university. - 2020. - №: 5 = 29 мамыр. - бет. 10-11.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	4
<i>ҚОЖАБАЙ ЖАЗЫҚОВ /өмірі туралы қысқаша мағлұмат/</i>	5
<i>Қожабай Жазықов туралы ой-пікірлер</i>	7
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	17